

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қамқоршылар кеңесінің отырысы
06.03.2026ж.

Хаттама №3

Қатысқандар- 12 адам

Мектеп директоры: Смагулова Р.

Тәрбие ісінің меңгерушісі:Искакова А.А.

Медбике: Шынғысова Г.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы: Аксейтова С.К.

Токжуманова С.С.

Искендинова Ж. Т.

Жумагалиева Г.

Жайсанбаева А.Б.

Тасырова А.

Кусаинова А.К.

Жумабаева Н.Б.

Токсеитов Д.И.

Күн тәртібінде

1. Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмыс.
2. Наурыз – мерекесін ұйымдастыру.
3. Мектептерде санитарлық –гигиеналық талаптарды сақтау бойынша мониторинг.
4. Мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжымның салауатты өмір салтын насихаттау бағытында және мәдениетті дамуын қамтамасыз ету бағытында көмек көрсету, қолдау.

Тындалды:

1-мәселе бойынша:

Мектеп директоры Смагулова Р. оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Атап айтқанда, қосымша сабақтар, пәндік олимпиадаларға дайындық, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілетіні айтылды. Қамқоршылар кеңесі тарапынан білім сапасын арттыруға ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту ұсынылды.

2-мәселе бойынша:

Тәрбие ісінің меңгерушісі Искакова А.А. Наурыз мерекесін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Мерекелік іс-шара барысында ұлттық ойындар, көрме, концерттік бағдарлама ұйымдастыру жоспарланғаны айтылды. Қамқоршылар кеңесі мерекені жоғары деңгейде өткізуге қолдау көрсететіндерін білдірді.

3-мәселе бойынша:

Медбике Шынғысова Г. мектепте санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Оқушылардың жеке гигиенасын сақтау, оқу кабинеттерінің тазалығы, желдету режимі тұрақты бақылауда екені атап өтілді. Қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.


4-мәселе бойынша:

Тәрбие ісінің меңгерушісі Искакова А.А. оқушылар мен педагогикалық ұжым арасында салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстар туралы баяндады. Спорттық іс-шаралар, профилактикалық әңгімелер, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып отырғаны айтылды. Қамқоршылар кеңесі аталған бағыттағы жұмыстарға демеушілік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуге дайын екендерін жеткізді.

Қаулы:

1. Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру жоспары бекітілсін және қамқоршылар кеңесі тарапынан қолдау көрсетілсін.
3. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша мониторинг тұрақты бақылауда ұсталсын.
4. Салауатты өмір салтын насихаттау және мәдени дамуды қамтамасыз ету бағытындағы іс-шараларға қамқоршылар кеңесі белсенді түрде атсалыссын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Аксеитова С.К.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:



Мулдахметова Г.Н.